 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>1-бет 4</b>
	ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ (CRS – INDIVIDUAL, for Self-Certification) САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ	

10.09.2020ж. №201-ПР Бұйрыққа № 4А қосымша

### **БАНК КЛИЕНТІ – ЖЕКЕ ТҮЛҒА ҮШІН (БӨЛШЕК БИЗНЕС)**

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ (CRS – INDIVIDUAL, for Self-Certification) САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

Құрметті Клиент,

Қазақстан Республикасының Премьер –министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі 2019 жылғы 27 желтоқсанда № 1429 Бұйрыққа қол қойғанын, осыған сәйкес «Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиандардың, орталық депозитарийлердің, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлердің және (немесе) дилерлердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері» (бұдан әрі - Ереже) қолданысқа енгізілгенін, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған, Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция), 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 24-бабының 2) тармақшасына және 27-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленгенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша Банк) Клиенттің салықтық резиденттік мәртебесін растаушы өзін-өзі сертификаттау нысанын әзірледі.


Нысанды толтыру үшін Сізден төмендегі келтірілген нұсқаулықтармен танысып алуыңызды өтінеміз.

#### **Сіз неге осы нысанды толтыруыңыз керек?**

2018ж. 6 маусымда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – ҚР МКК) төрағасы Қаржы шоттары туралы ақпаратпен құзырлы органдардың автоматты түрде алмасуы туралы көпжақты келісімге (Көпжақты Келісім) қол қойды. Көпжақты келісім Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 267-V ҚРЗ Заңымен ратификацияланған, Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) (бұдан әрі – Страсбург Конвенциясы) 6- бабына негізделеді, және дүние жүзі бойынша қаржылық ұйымдарда орналасқан, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) елдерінің тізіміне кіретін салық төлеушілердің қаржы шоттары бойынша ақпаратпен автоматты түрде алмасудың (CRS) бірыңғай стандартын енгізуді қарастырады.

Аталған талап «Салықтық ақпаратпен алмасу бойынша бірыңғай стандарт» (Common Reporting Standard немесе CRS) ретінде белгілі.

CRS мақсаты үшін Банк Сіздің Қаржы шоттары туралы ақпаратпен құзырлы органдардың автоматты түрде алмасуы туралы көпжақты келісімге қол қойған есеп беруші

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>2-бет 4</b>
	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ (CRS – INDIVIDUAL, for Self-Certification) САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ	

юрисдикциялардың/елдердің біреуінің «салық резиденті» болып табылатыныңызды анықтауы тиіс.

### **Салық резидентінің мәртебесін растау нысанын (жеке тұлғалар үшін) кім толтыруы тиіс?**

Бұл Нысанды Банктің жеке тұлға-Клиенттері толтыруы тиіс.

Егер Сізге жеке кәсіпкердің атынан өзін-өзі сертификаттаудан өту қажет болса, онда Жеке кәсіпкерлер үшін арнайы әзірленген Өзін-өзі сертификаттау нысанын пайдалануды өтінеміз (CRS-IE).

Егер Сізге ұйымның (заңды тұлғаның) атынан өзін-өзі сертификаттаудан өту қажет болса, онда Заңды тұлғалар үшін арнайы әзірленген Өзін-өзі сертификаттау нысанын пайдалануды өтінеміз (CRS-E).

Егер Сіз ұйымның (заңды тұлғаның) бақылаушы тұлғасы болып табылсаңыз, онда толтыруға Бақылаушы тұлға үшін арнайы әзірленген Өзін-өзі сертификаттау Нысанын пайдалануды өтінеміз (CRS-CP).

Сіз Өзін-өзі сертификаттау Нысанын Банктің кез келген Бөлімшесінен/Филиалынан сұратуыңызға және Банктің кез келген Бөлімшесіне/Филиалына ұсынуыңызға болады.

Екі және одан көп жеке тұлғалардың шотын иеленген жағдайда, шоттың әрбір иеленушісі Өзін-өзі сертификаттау Нысанының бөлек көшірмесін толтыруы тиіс.

Тіпті Сіз FATCA (Foreign Accounts Compliance Act) мақсаты үшін ақпаратты АҚШ Үкіметіне хабарлап қойсаңыз да, Сіз сондай-ақ CRS мақсаты үшін қосымша ақпаратты да хабарлауға тиістісіз, себебі бұл екі түрлі нормативтік актінің талаптары.


Егер Сіз Өзін-өзі сертификаттаудың осы Нысанын Сізге осындай құқық беретін тиісті құжаттар негізінде басқа адамның атынан және тапсырысы бойынша толтырсаңыз, осындай құжаттардың көшірмелерін қоса тіркеуіңізді өтінеміз (тізімі қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған), құжаттардың тізімін Банктің кез келген Бөлімшесінен/Филиалынан нақтылауға болады, сондай-ақ соның атынан әрекет етіп отырған тұлғаға, Сіз Банкке ақпаратты Өзін-өзі сертификаттау Нысанының талаптарына сәйкес бергеніңіз туралы хабарлағаныңызға сенімді болуыңыз қажет.

### **Қосымша ақпаратты қайдан алуға болады?**

Егер Сіздің осы нысанға немесе нұсқаулықтарға қатысты сұрақтарыңыз болса, Банктің кез келген Бөлімшесіндегі/Филиалдағы Банк Менеджеріне хабарласыңыз.

Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымы (ЭЫДҰ) CRS қатысушы -елдер үшін міндетті Ереже әзірледі, ол ЭЫДҰ-дың ақпаратпен автоматты түрде алмасуға арналған сайтында орналастырылған: [www.oecd.org/tax/automatic-exchange/](http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/), <http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/common-reporting-standard/>


Егер Сіздің салық резидентінің мәртебесін анықтау тәртібіне қатысты сұрақтарыңыз болса, ЭЫДҰ интернет-сайтына кіруіңізді немесе кәсіби салық кеңесшісіне хабарласуыңызды өтінеміз, себебі Банк салық салу саласы бойынша консультация беруге құқылы емес.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>3-бет 4</b>
	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ (CRS – INDIVIDUAL, for Self-Certification) САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН ПАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ	

## 1-ҚОСЫМША. ТЕРМИНДЕР АНЫҚТАМАСЫ

<p><b>Ескертпе:</b>          Сізге Нысанды толтыруға көмек болуы үшін Өзін-өзі сертификаттау Нысанының мәтіні бойынша пайдаланылатын кейбір терминдердің анықтамаларымен танысуға кеңес береміз.          Түсініктер мен терминдер ЭЫДҰ құжаттарына сәйкес келтірілген <a href="http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/international-framework-for-the-crs/multilateral-competent-authority-agreement.pdf">http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/international-framework-for-the-crs/multilateral-competent-authority-agreement.pdf</a>          Барынша толық ақпаратты Сіз ЭЫДҰ -ның «Салықтық ақпаратпен алмасу бойынша бірыңғай стандартынан» алуыңызға болады (OECD Common Reporting Standard немесе CRS), мұндай ақпаратты келесі сілтемеден алуыңызға болады <a href="http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm">http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm</a>.</p>
---

<b>Термин</b>
<b>«Шот иеленушісі»</b>
Қаржы шотын иеленуші ретінде көрсетілген немесе белгіленген тұлға. Агент, сенімді басқарушы, сенім білдірілген тұлға, қол қоюшы, инвестициялық консультант, делдал немесе заңды өкіл ретіндегі басқа тұлғаның атынан немесе есебінен Қаржы шотын иеленуші (Қаржы мекемесі болып табылмайтын) тұлға, Шот иеленуші болып саналмайды, оның орнына Шот иеленуші болып осындай басқа тұлға есептеледі. Мысалы, баланың заңды өкілі ретінде әкесі болса, Шоттың иеленушісі болып баланың өзі есептеледі. Шотты ортақ иеленген жағдайда және шоттың бірнеше иеленушісі болған кезде, шоттың әрбір иеленушісі Шот иеленушісі болып табылады.
<b>«Есеп беретін тұлға»</b>
Есеп беретін юрисдикцияның Салық резидентін білдіреді.
<b>«Есептік шот»</b>
есеп беретін бір немесе бірнеше адамға тиесілі қаржы шотын білдіреді.
<b>«Есеп беретін юрисдикция»</b>
қаржы шоттары туралы ақпаратпен алмасу туралы келісімі бар юрисдикцияны білдіреді.
<b>«Қатысушы юрисдикция»</b>
CRS мақсатында ақпарат беру туралы келісім жасалған юрисдикцияны білдіреді.
<b>«Қаржы шоты»</b>
Қаржы ұйымында ашылған шотты, мыналарды қоса: Депозитарлық шоттарды, Депозиттік шоттарды, кейбір Инвестициялық компаниялардағы үлестік және борыштық қатысуды, қайтарымдық құнымен Сақтандыру шарттарын немесе Аннуитет туралы шарттарды білдіреді. Мыналарды қоспағанда: 1) зейнетақы қоры және аннуитет шарты шеңберінде ашылған шоттар; 2) қызметкерді еңбек міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғадан міндетті және ерікті сақтандыру шеңберінде жасалған, аннуитеттік сақтандыру шарттары шеңберінде ашылған шоттар; 3) егер осындай шот бойынша құжаттарға қайтыс болған адамның өсиетінің көшірмесі немесе қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі кірсе, тек қана мұрагерлерге тиесілі шоттар; 4) шоттың шешімі бойынша ашылған шоттар; 5) клиент тек қана төлем карточкасындағы қалдықтан немесе басқа жаңартылатын кредит сомасынан асатын сомаға төлем жүзеге асыратын болғандықтан ашылған шоттар;

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>4-бет 4</b>
	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ (CRS – INDIVIDUAL, for Self-Certification) САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН ПАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ	

б) тек қана алименттер, зейнетақылар, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдердің түсіміне арналған шоттар.
<b>«FATCA»</b>
шетелдік шоттарға салық салу туралы ережені білдіреді, ол АҚШ заңнамасына кіргізілген.
<b>«IN/TIN/ITIN/SSN/EIN/ATIN/PTIN»</b>
<p>«IN» термині Салық төлеушіні сәйкестендіру нөмірін білдіреді немесе ол жоқ болған жағдайда оның функционалды аналогы TIN/ITIN/SSN/EIN/ATIN/PTIN, әріптен және сандық таңбалардың бірегей жиынтығынан тұрады, жеке тұлғаға немесе қандай да бір юрисдикцияның Компаниясына беріледі және осындай юрисдикцияның салық заңнамасын орындау мақсатында жеке тұлғаны немесе Компанияны сәйкестендіру үшін қолданылады.</p> <p>IN/TIN/ITIN/SSN/EIN/ATIN/PTIN туралы барынша толық ақпарат мына сілтемеде:  <a href="http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm">http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm</a>.</p> <p>Кейбір юрисдикцияларда IN/TIN/ITIN/SSN/EIN/ATIN/PTIN берілмейді. Алайда, мұндай юрисдикцияларда сәйкестендіру үшін балама мүмкіндік беретін сенімділігі жоғары қандай да бір басқа нөмір жиі қолданылады («функционалды аналог»), мысалы, Компанияның тіркеу коды/нөмірі.</p>